

**Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдерін белгілеу туралы**

Мерзімі біткен

Қостанай облысы Аманкелді ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 24 мамырдағы № 116 қаулысы. Қостанай облысы Аманкелді ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 21 маусымда № 9-6-129 тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 3-тармағының 5) тармақшасы, "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы Заңының 5-бабының 3-тармағының 3) тармақшасына сәйкес Аманкелді ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша 2011 жылы Аманкелді ауданының аумағында егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдері осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Ж. Тәукеновке жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

С. Ахметов

КЕЛІСІЛДІ:

"Аманкелді ауданының

кәсіпкерлік, ауыл

шаруашылығы және ветеринария

бөлімі" мемлекеттік мекемесінің

бастығы

\_\_\_\_\_ Е. Ещанов

Аудан әкімдігінің  
2011 жылғы 24 мамырдағы  
№ 116 қаулысына қосымша

**Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша 2011 жылы Аманкелді ауданының аумағында**

**егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының  
оңтайлы мерзімдері**

№	Өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері	Егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуы
1	Дәнді (жаздық)	15 мамырдан 5 маусымға дейін
2	Майлы	15 мамырдан 30 мамырға дейін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК